



ХҒТАР 71.37.15

<https://orcid.org/0009-0009-6719-320X>

<https://orcid.org/0000-0002-0574-3562>

<https://orcid.org/0000-0001-7695-5303>

<https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-1-343-361>

Тұрақты туризмді қалыптастыруда материалдық емес мәдени мұраның әсері

Б.Ж. Шарапаева^{*1}, Н. Нұрмағанбетқызы², А.Б. Баймбетова¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан

(E-mail: *Bzhanabekovna@mail.ru, nurdana.nurmaganbetkyzy@iuth.edu.kz, asel_baymbetova@mail.ru)

Аңдатпа. Аталмыш мақала тұрақты туризмді қалыптастыру процесінде материалдық емес мәдени мұраның рөлін зерттеуге арналған. Мақалада материалдық емес мәдени мұра мен туризмнің дамуы арасындағы байланыстың түрлі аспектілері талданды, сонымен қатар оның тұрақты туристік тәжірибелер мен қоршаған ортаға әсері зерттелді. Материалдық емес мәдени мұра қоғамдастықтың мәдени шынайылығын көрсетеді және ауызша дәстүрлерді, орындаушылық өнерді, мерекелік немесе дәстүрлі іс-шараларды қамтып, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін шеберлік. Әр түрлі мәдени қоғамдастықтың өзіндік ерекше және шынайы материалдық емес мәдениеті бар қауымдастықтың ажырамас элементі ғана емес, сонымен қатар болуы мүмкін мұра ұлттық және жергілікті деңгейде туризмді дамыту үшін маңызды ресурс болып табылады.

Сондай-ақ, туризмнің негүрлым дамыған аймақтарында жүргізілген эмпирикалық зерттеудің нәтижелері келтірілген. Жүргізілген зерттеулерді талдау туристерді тартуда, олардың қанағаттануында және туристік өнімдерді тұтыну деңгейін арттыруда материалдық емес мәдени мұраның рөлін анықтауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, туристік индустрияны тұрақты дамыту мақсатында материалдық емес мәдени мұраны сақтау және ілгерілету жөніндегі іс-шаралардың маңыздылығы зерттелді. Мақаланың қорытынды бөлімінде туризмді дамыту стратегияларын әзірлеу кезінде материалдық емес мәдени мұраны назарға алудың маңыздылығы туралы пайым жасалды. Тұрақты және бірегей туристік өнім жасау мақсатында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және ілгерілету үшін мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар мен жергілікті тұрғындар арасындағы ынтымақтастықты күшейтудің маңыздылығы зерттелді.

Кілт сөздер: туризм, материалдық емес мәдени мұра, туристік дестинация, тұрақты туризм, ән өнері, салт-дәстүр, ұлттық тағамдар, қолөнер.

Кіріспе

Қазіргі әлемде туризм аймақтардың дамуына және сол аймақтардың экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал ететін жетекші салалардың бірі болып табылады. Алайда, туристік саладағы тұрақтылыққа тек сарқылуы мүмкін табиғи және материалдық ресурстар арқылы қол жеткізу мүмкін емес. Тұрақты туризмді қалыптастырудағы материалдық емес мәдени мұраның рөлі уақыт өткен сайын маңызды және өзекті бола түсуде. 2022 жылдың 26-27 қазанында түркі әлемінің туристік астанасы Түркістан қаласында өткен «The people protecting monuments» атты тұрақты туризмді, қажылық туризмді, қасиетті мұраны дамытуға бағытталған халықаралық конференцияда тұрақты туризмді қалыптастырудағы материалдық және материалдық емес мәдени мұраның маңыздылығы мен өзектілігі ерекше аталып өтті [1]. Конференция спикерлерінің айтар ойларының қорытындысы материалдық емес мәдени мұраны кең насихаттау, атап айтқанда, елдің тілі, дәстүрі, ұлттық тағамдарын дұрыс паш ету туристің өзі қалаған елде болу уақытының ұзақтығын айғақтай түседі. Кез келген туристің басқа елге, жерге жаңа мәдениетпен танысу мақсатында баратыны белгілі. Яғни, ең бірінші кезекте сол елдің ұлттық тағамдарынан дәм татқысы келеді, салт-дәстүрімен таныса отырып, ұлттық киім үлгілерінің ерекшеліктерін зерттегісі келеді. Ал егер саяхаттан алған әсері жақсы болса, туристің сол елге қайтып тағы бір мәрте келу ықтималдығы жоғары болады. Бұл тұрғыда туристке елдің мәдениеті қаншалықты дұрыс көрсетіліп, таныстырылуы маңызды. Сол үшін де материалдық емес мәдени мұраны сақтау мен дамытуды тұрақты туризмді қалыптастыру үшін өзекті тақырыптардың бірі ретінде атай аламыз. Тіл, дін, дәстүр, фольклор және қолөнер түріндегі материалдық емес мәдени мұра туристерді тарту және әр аймақтың бірегейлігін сақтау үшін үлкен әлеуетке ие. Өйткені, мәдениеттің материалдық емес аспектілері әр халықтың тарихи мұрасы мен жетістіктерін жеткізеді, сондай-ақ, әлемге ұсына алады. Сондықтан, тұрақты туризмді дамытудың маңызды құралы ретінде материалдық емес мәдени мұраны сақтау мен дамыту қазіргі таңдағы туризм саласын ілгерілетудің жаңа тенденцияларының біріне айналып отыр. Аталмыш мақаланың мақсаты - материалдық емес мәдени мұраның тұрақты туризмді дамытуға әсерін талдау және оны сақтау мен жетілдіру үшін мүмкін болатын идеяларды белгілеу. Сонымен қатар, осы қойылған мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер белгіленді: тұрақты туризмді қалыптастырудағы материалдық емес мәдени мұраның рөлін анықтау, әлемдік тәжірибеге шолу жасай отырып, материалдық емес мәдени мұраның туризмдегі орнын айқындау мақсатында жасалған зерттеу және Қазақстанның 3 ірі қаласында өткізілген сауалнама нәтижелерін талдау. Зерттеудің объектісі – ұлттық колориттің айнымас бөлшегі болып табылатын материалдық емес мәдени мұра. Зерттеу гипотезасы ретінде материалдық емес мәдени мұраның тұрақты туризмді қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын, сондай-ақ, туристерді қызықтыратын, тарихи және мәдени құндылықтарды сақтайтын, жергілікті қауымдастықтардың дамуына, табиғи орта мен әртүрлілікті сақтауға және жергілікті тұрғындар үшін тұрақты табыс көздерін құруға ықпал ететін бірегей дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды бідіретінін атап өтуге болады.

Әдеби шолу

Материалдық емес мәдени мұраның кез келген өңірдің туристік әлеуетін арттырудағы рөлін түрлі елдердің мысалында қарастыруға болады.

Santa E. Және басқалары әлем туристерінің назарын өзіне ерекше аударатын аралдық мемлекеттердің бірі Филиппинде орналасқан екі провинция, атап айтқанда Батанес пен Мариндук провинцияларында көнеден келе жатқан этнографиялық, яғни тұтастай материалдық емес құндылықтарды туризм саласының катализаторы ретінде сақтау мен жетілдіру өте жақсы деңгейде қолға алынғанын атап өткен. Аталмыш екі провинция Филиппин аралдарындағы танымал туристік бағыттардың бірі болып табылады. Сондықтан да мемлекет стратегиялық және туризмді дамыту бағытындағы негізгі аймақтар ретінде бұл провинциялардың потенциалына ерекше назар аударады. Батанес провинциясы – ландшафтылы және теңіз пейзаждарымен ерекшеленетін, сондай-ақ, Филиппин заңнамасымен қорғалатын бірден-бір аймақ. Бүгінде жергілікті билік ұйымдары табиғи ландшафтылармен бірге екі провинциядағы пало-пало фестивалі секілді провинциялық мәдениет тәжірибелерін аралға міндетті түрде саяхаттаудың себебі ретінде ерекше қолдайды. Бір жағынан, Мариндук аралы Филиппиндегі қажылық туризмнің танымал орындарының біріне айналған. Бұл аралға католик күнтізбесіндегі Холи мерекесін тойлау мақсатымен әлемнің және жергілікті аймақтың жүз мыңдаған туристері саяхаттайды. Қазіргі таңда ұлттық билік жергілікті билік өкілдерімен аймақтағы материалдық емес мұраларды ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізу үшін тыңғылықты жұмыс жасауда [2]. Яғни, әрбір халықтың материалдық емес мұрасының сол елдің тұтастай туризм саласының дамуына үлкен септігін тигізетінін осыдан байқауға болады.

Дүниежүзілік туристік ұйым (ДТҰ) мен Канада туризм комиссиясы ұлттың мәдениетімен танысу мақсатындағы саяхаттарды белгілі бір туристік дестинацияның мәдени мұрасын саяхаттың маңызды мотиві ретінде қарастырудың негізінде дамиды деп есептейді. АҚШ ұлттық өнер қоры мәдени сапарларды өнер, материалдық емес мұра және туристік орынның біріге даму тәжірибесінің дамуымен сипаттайды. 2006 жылы Дүниежүзілік туристік ұйымның берген анықтамасына сәйкес, мәдени саяхаттарды жүзеге асыратын туристерде оқу мен іздену, жаңа ақпарат алу, өнер орындарына бару, фестивальдер мен мәдени іс-шараларға қатысу, сондай-ақ, қажылық мотивте саяхаттау әрекеттері басым болады. Осы берілген түсініктемелердің барлығынан шығатын ортақ қорытынды ретінде, материалдық емес мәдени мұраның, оның ішінде ұлттық тағамдар, театр, би, әр өнері, әдебиет, ұлттық қолөнер, фестивальдердің туризмді тұтастай қалыптастыра отырып, тұрақты түрде дамуына қосатын үлесі зор екендігін атап өтуге болады [3, 9 б.].

Материалдық емес мәдени мұра арқылы туризм саласын аталмыш мұраларды материалдық мұрамен біте қайнастыра дамытқанда ел экономикасына түсетін пайда көлемі артады. Туризм саласында сапарларды ұйымдастыратын тұлғалар әрбір мәдени саяхатты ұйымдастыру барысында туристердің толыққанды деңгейде қанағаттануы үшін материалдық және материалдық емес мұра тандеміне баса мән

беруі қажет. Екі аспект те туристік дестинацияның материалдық мәдени мұрасы мен сол дестинацияға тиесілі материалдық емес мұраны байланыстыра отырып, тұрақты әрі бәсекеге қабілетті туризм саласын дамытуға мүмкіндік береді [4, 14 б].

Туризм саласы мен мәдени мұраны сақтау бүгінде әлемдік деңгейдегі феномендердің біріне айналып отыр. Туризм жаһандық және жергілікті экономиканың өсуіне көмектесетін маңызды компонент болса, мәдени мұра әлеуметтік, экономикалық, қоршаған орта әсерін бере алатын жаһандық тұрақты туризм дамуының қуатты катализаторы ретінде танылуда. Осылайша, туризм саласы мен мәдени мұра көптеген туристік дестинацияларда тұрақты даму мен экономикалық өсімді қамтамасыз ететін маңызды құрамбөлікке айналды. Материалдық емес мәдени мұра туризм секторы үшін дестинацияның бірегейлігін қамтыса, туризм өз кезегінде мәдени мұраны сақтау мен жаңарту әлеуетін дамытады. Сонымен қатар, материалдық емес мәдени мұра туристік аймақтың брендін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда Еуропалық Одақ (ЕО) елдері материалдық емес құндылықтарды туризм саласын дамыту тәжірибесін кеңінен қолға алуда. Себебі, әлем бойынша Еуропа елдерінің мұражай, театр, фестиваль және т.б. материалдық мәдени мұрасынан бөлек, ұлттық тағамдары, музыка, би өнері мен әдебиетіне қызығатын туристер саны артуда. Ал мәдени емес мұраны зерттеуге бейім туристердің сол елдің мәдени мұрасына қызығып, туристік саяхатқа шығуы арқылы, елдің тұтастай экономикасы үшін оң әсерлер пайда болады [5].

Материалдық емес мәдени мұра тұрақты туризмді қалыптастырудағы таптырмас ресурс бола алады. Оңтүстік Кореяда шет мемлекеттерден туристерді музыка және би өнері арқылы тарту кеңінен таралған. Қазіргі таңда әлем бойынша туристердің аталмыш елге саяхаттауының негізгі мотиві материалдық емес туристік ресурстар болып табылады. Бұл ұлттың тұтастай мәдениетінің ұлттық туризмді қалыптастыруда айтарлықтай маңызды рөл атқаратынының дәлелі [6].

Материалдық емес мәдени мұраның тұрақты туризмді қалыптастырудағы рөлі түрлі елдерде ұйымдастырылатын фестивальдер негізінде де түсіндіріледі. Оның айқын мысалы ретінде Анд фестивальдерін атап өтуге болады [7].

Витфорд және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде көрсетілгендей, туризм материалдық игіліктермен қатар, материалдық емес мұраны дамыту арқылы ел экономикасына үлкен жағымды әсерін тигізе алады. Кез келген ұлттың ұлттық тағамдары, тілі, тарихи әңгімелері, әндері, жалпы тұтас өнері, би өнері, жөн-жоралғылары мен салт-дәстүрлері материалдық емес мәдениетті құрайды. Бұл ел үшін тек туризм саласының ғана емес, басқа елдермен әлеуметтік-экономикалық қатынастардың орнауына мүмкіндік береді. Туризмді тек көзге көрінетін туристік ресурстар арқылы ғана емес, материалдық емес мұраны сақтау арқылы тұрақты түрде дамыту ХХІ ғасырдағы ең өзекті тенденциялардың біріне айналып отыр [8]. Туристердің материалдық емес игіліктерді эстетикалық тұрғыда бағалауынан, эмоционалды әсер алып, туристік орынға тағы келуге мотивациясының пайда болуынан, мәдениетпен танысу арқылы білім алуынан, елдер арасындағы әлеуметтік байланыстардан, тарих пен мәдениетті бағалаудан тұрақты туризмнің қалыптасуы туындайды. Себебі, аталмыш әрекеттер мемлекеттің туризм саласының дамуына алғышарт бола алады, бұл өз кезегінде

туризмді елдің экономикасының тұрақты көзі ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді [9].

Тұрақты туризмді қалыптастыруда материалдық және материалдық емес мұраның тандемі маңызды рөл атқаратынын жоғарыда атап өттік. Бұл өз кезегінде жоспарлау мен материалдық емес мұраның сақталуын ұтымды басқарумен де тығыз байланысты. Материалдық емес мәдени мұраның компоненттері болып табылатын жергілікті салт-дәстүрлер, ауыз әдебиеті және т.б. мұраны дамытуды дұрыс жоспарлау нәтижесінде тұрақты туризмнің дұрыс қалыптасуы жүзеге асады. Яғни, материалдық емес мәдени мұра туристік дестинацияға туристерді тартатын таптырмас фактор ретінде қызмет атқарады. Материалдық емес мәдени мұра туристік дестинацияға туристерді қызықтыра алатын маңызды күш болғандықтан, ол туризм саласын дамытуды жоспарлаумен қатар жүруі тиіс [10].


Материалдық емес мәдени мұра арқылы туризм индустриясын тұрақты түрде дамытудың жыл санап алға ілгерілеуіне әлеуметтік медианың әсері зор. Материалдық емес мәдени мұра арқылы туризмді дамыту әсіресе Қытайда кеңінен танымал. Аталмыш елдің мысалында туризмді дамыту тенденциясын қарастыру барысында материалдық емес мәдени мұра мен туризмнің байланысы бірнеше түрде болатыны белгілі болды. Олар: қоғамдық институттар, материалдық емес мәдени мұра және сол мұраны сақтаушы халық, туристік өнімдер, дәстүрлі фестивальдер мен маусымдық мерекелер, туристік қызмет және жабдықтар, келушілер және өңірлер. Яғни, осы компоненттер материалдық емес мәдени мұра ұғымының туризммен байланысын толыққанды сипаттай алады және туризмнің тұрақты дамуында ұйымдастырушылар мен аймақтың жергілікті тұрғындарының, мұраны сақтаушы халықтың және туристердің рөлінің маңыздылығын көрсетеді [11].

Материалдық емес мәдени мұра арқылы туризмді тұрақты дамыту Малайзияда кеңінен белең алуда. Аталмыш елде жергілікті халықтың орындауымен жүзеге асатын хормен ән айту жарысы, Мак Йонг драмалық би орындауы, батпырауық ұшыру ойыны елдің резиденттерінің ғана емес, бүкіл әлем туристерінің назарын өзіне аударуда. Бұл туризм саласының қоғамда мәдени дәстүрлер айқын маңыздылыққа ие болған кезде тұрақтала түсетінін растайды [12].

Тұрақты туризмді материалдық емес мәдени мұра көмегімен қалыптастыруда, осы мақсатта мәдени мұраны сақтау мен жаңартуда мемлекеттің рөлі зор [13]. Туризм секторындағы дамудың жоғарғы деңгейі туристердің шынайы алған әсері мен эмоциясынан туындайды, ал туристердің эмоциясына өздері қызығатын елдің тарихынан, ұлттық тағамдарынан, ән және би өнерінен, ұлттық киімдерінен және салт-дәстүрінен бастау алады [14].

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысында сандық және сапалық зерттеу әдістері, атап айтқанда материалдық емес мәдени мұраның елдің экономикасының бір бөлшегі болып табылатын тұрақты туризмді қалыптастырудағы рөлін анықтау мақсатында, әлемдік зерттеу жұмыстары мен тәжірибелерге әдеби шолу жасау, алынған мәліметтерді өңдеу, сондай-ақ, эмпирикалық зерттеу әдістерінің ішіндегі сауалнама жүргізу және сауалнама қорытындыларын талдау, алынған нәтижелерге SWOT талдау жасау, тақырып бойынша статистикалық мәліметтерді сараптау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Қазіргі таңда әлем бойынша материалдық емес мәдени мұраның туризм саласының дамуына әсері орасан зор. Себебі материалдық емес мәдени мұра тұтастай халықтың мәдениетінің ортақ көрінісін құрайды. Ал бұл өз кезегінде туристер қызығушылығын арттыру арқылы, туристік ағымның деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Материалдық емес мәдени мұра туризм саласын дамытудағы катализатор бола отырып, бірнеше категорияларға жіктеледі (Сурет-1).



Сурет 1. Материалдық емес мәдени мұра категориялары


Ескертпе: [15] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған

1-суретте көріп отырғанымыздай, материалдық емес мәдени мұра физикалық формада көрінетін немесе көрінбейтін сипатына байланысты категорияларға жіктеледі. Визуалды түрде қабылдап, туристік әсер алу салт-дәстүрлер көріністерімен, фольклормен байланысты болса, есту арқылы қабылдап, эмоция алу ән өнерімен және тілмен байланысты [15].

Қазақстанда материалдық емес мәдени мұраны сақтау және оны дамыту арқылы тұрақты туризмді қалыптастырудың әлеуеті қаншалықты деңгейде? Жыл сайын еліміздің түрлі аймақтарында материалдық емес мәдени мұраны дәріптейтін іс-шаралар мен фестивальдер өтеді. Соның айқын мысалы ретінде, Тараз қаласында дәстүрлі түрде өтіп тұратын Киіз FEST фестиваль-жарысын атауға болады. Аталмыш фестиваль қазақ халқының ұмытылып бара жатқан дәстүрлерін, қолөнерін, киіз жасау өнерін қайта жаңғырту, келушілерге дайындалған киіздер мен ұршықпен иіріп дайындалған жіптердің атауын, дайындау әдісін, ерекшелігін, жасау технологиясын көрсету, сондай-ақ, ата-бабаларымыздың қалдырған асыл мұрасын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылып тұрады. Сонымен қатар, «Живая струна» атты музыкалық фестивалі, «Өмір сабақтары» пилоттық жобасы, «Тараз – қолөнершілер қаласы» атты қолөнер көрмесі аясында аталмыш іс-шараларға 10000-нан астам адам қатысқан болатын. Осындай фестивальдердің тұрақты түрде ұйымдастырылуының нәтижесінде Жамбыл облысына 99276 турист келді, оның ішінде, 1471-і шетелдік турист,

ал қалған 97805-і ішкі туристер болды. Бұл ұлттық колориттегі мәдениетімізді тұтастай дәріптеудің туристер санының артуына тигізетін әсерінің деңгейін айғақтайды [16].

Сонымен қатар, Түркістан аймағында да материалдық емес мәдени мұраны сақтау мен дамыту арқылы туризм саласын ілгерілету мәселесіне басым назар аударылып жатыр. Атап айтқанда, Түркістан қаласында 2019 жылдан бері тұрақты түрде жыл сайын Наурыз мейрамының құрметіне «Gastro FEST» фестивалі өтеді. Бұл аспаздық шара ұлттық тағамдарымызды насихаттауға, ішкі және резидент емес туристердің дәстүрлі тағамдардан дәм татып, тұтас ұлттық мәдениетіміз туралы жағымды пікір қалыптастыруына мүмкіндік береді. Туристік гастрономиялық шараның негізгі мақсаты – қоғамдық тамақтандыру саласын дамыту және ұлттық гастрономиялық брендті қалыптастыру. Аталмыш фестивальдің ұйымдастырылуы бойынша Түркістан қаласының 30-ға жуық мейрамханалары мен тамақтандыру орындары қонақтарға ұлттық тағамдар, тәттілер мен сусындарды ұсынады. Сонымен қатар, концерттік бағдарлама, ойындар мен конкурстар, балаларға арналған ойын-сауық шаралары ұйымдастырылады. Бұл өз кезегінде туристердің тек ұлттық тағамдардан дәм татып қана қоймай, саяхаттарын көңілді эмоциямен сақтауға көмектеседі. Іс-шараның тағы бір ерекшелігі – келген туристерге қаланың гастро картасы тегін сыйға беріледі. Гастрокарта тек тамақтандыру орындарының картасы ғана емес, туристерге сол тамақтандыру орындарынан белгілі бір көлемде жеңілдік ұсынатын купондар болып табылады. Төменде диаграммада гастрономиялық фестивальге келген туристердің жыл сайынғы өзгеріс динамикасы көрсетілген (Сурет 2).



Сурет 2. Түркістан облысына гастрономиялық фестивальге келген туристер саны, адам
Ескертпе: [17] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған

Жоғарыдағы диаграммаға сәйкес, гастрономиялық фестивалге келген туристердің жыл сайынғы өзгеріс динамикасында біршама алға жылжу бар екені байқалады. Алғаш ұйымдастырылған 2019 жылы 500-ге жуық турист келді. Тиісінше 2020 жылы пандемия жағдайына байланысты ұйымдастырылмады, ал 2021 жылы 1000 адам, 2022 жылы 6300 адам, 2023 жылы 10562 турист келген екен [17].

Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында қымыз пісуден іс-шара ұйымдастырылған болатын. Мұнда жергілікті қымыз пісушілер мың күбіге 10 000 литр қымыз пісіп, рекорд орнатты. Аталмыш шараға ауданға көршілес ауылдар мен аудандардан көптеген адамдар келді. Қымызды пісіру бойынша рекордты белгілеу үшін Қарқаралы ауданына Гиннестің рекордтар кітабының ресми халықаралық өкілдері келді. Шетелдік қонақтар атап өткендей, әлемде мұндай рекорд алғаш рет орнатылған екен. Бұл ұйымдастырылған іс-шара туризм саласын гастрономиялық бағытта дамытуға, сондай-ақ келушілерге ұлттық сусындарымыздың бірі қымызды насихаттап, жақсы әсер қалдыруға мүмкіндік берді [18].

«Боралдай сақ қорғандары» археологиялық саябағында жыл сайын «Көшпенділер әлемі» атты халықаралық этно-фестиваль өткізіледі. Фестиваль аумағы 7 секторға – ауылға бөлінеді. Әр ауылда қазақ мәдениетінің түрлі көріністері – этнофольклорлық музыка, ұлттық ойындар, қолөнершілер бұйымдарының көрмесі, мергендер жарысы бейнеленеді. Фестивалге жыл сайын тек ішкі туристер ғана емес, шетелдік туристер де келеді. Ұйымдастырушылардың деректері бойынша, Болгария, Қырғызстан, Венгрия және т.б. елдерден қонақтар көптеп келеді және олардың саны 6000-ға жуықтайды. Ұйымдастырушылар болашақта тек Алматы облысында ғана емес, Қазақстанның бүкіл аумақтарында дәстүрлі түрде өткізуді жоспарлап отыр.

Алматы қаласында жыл сайын дәстүрлі түрде Spirit of Tengri заманауи этникалық музыка фестивалі өткізіледі. Бұл фестивалге әлемнің 30 елінен музыканттар келіп, өз өнерлерімен бөліседі, сапалы жанды дауыспен және шебер орындаумен келушілерді таң қалдырады. Бүгінде аталған фестиваль қазақ халқының ғана емес, күллі Еуразия континентінің мәдени брендіне айналып отыр.

Материалдық емес мәдени мұраны сақтап, дамытуда Алматы қаласында ұйымдастырылып тұратын «Тойқазан» ұлттық тағамдар фестивалінің орны ерекше. Фестивальдің негізгі мақсаты – бай ұлттық тағамдарымызды ұсыну арқылы ұлттар достығын қалыптастырып, ұлтаралық келісімді бекіту, ішкі және келу туризмін дамыту. Фестиваль кезінде келушілер тек дәмді ұлттық тағамдарымыздан дәм ауыз тиіп қана қоймай, үздік бесбармақ және бауырсақ дайындау конкурсына куә бола алады. Сондай-ақ, қазақ халқының ұлттық комстюмдерінің көрсетілімін қарап, ат спорты ойындарын ойнауға, киіз үй құрастырып жинауға, қолөнершілердің бұйымдарын, кәдесыйларын сатып алып, кешкі уақытта қазақ дәстүрлі орындаушыларының әуендерін тыңдауға болады. Ұйымдастырушылардың айтуы бойынша, фестивалге Еуропа елдерінен, Ресейден, Қытайдан және Украинадан туристер өте көптеп келген [19].

Ал Шығыс Қазақстан облысында 2021 жылдан бері «Шығыс салбұрыны» фестивалі ұйымдастырылып келеді. Шараға еліміздің 10 облысынан және Қырғызстаннан, Ресейден, Моңғолиядан және Қытайдан ұлттық атбегілік дәстүрді сақтап жүрген

атбегілер мен құсбегілер келіп, өз жылқылары мен қыраңдарын бәйгеге қосады. 2023 жылы өткізілген фестивалде 100-ге жуық қатысушы келіп, тек Қазақстаннан ғана емес, Ресей, Америка және Ямаикадан да туристер келді [20].

Жоғарыда аталған статистикалық мәліметтер мен деректерден ұғынатын негізгі ой – материалдық емес мәдени мұраны сақтау мен сол арқылы туризмді дамыту шараларының Қазақстанның тек санаулы аймақтарында ғана ұйымдастырылуы. Яғни, Астана, Алматы, Түркістан, Тараз, Қарағанды облыстарында ғана жиі өткізіледі. Ал туризм саласы неғұрлым жас әрі жаңа салалардың бірі ретінде дамып келе жатқан Қазақстанда жергілікті резидент тұлғалар мен туристердің көзімен материалдық емес мәдени мұраны сақтау арқылы туризм саласының жалпы ел көлемінде даму деңгейі қандай? Бұл сұраққа жауап іздеу мақсатында, туризм саласы салыстырмалы түрде жақсы дамыған әрі шетелдік туристер үлесі біршама жоғары болып саналатын және ұлттық колоритті насихаттайтын іс-шаралар көбірек ұйымдастырылатын Астана, Алматы және Түркістан қалаларының жергілікті тұрғындары мен туристерінен сауалнама алынып, зерттеу жүргізілген болатын. Зерттеу нәтижелері туралы мәлімет төмендегі кестелерде көрсетілген (Кесте 1, 2).

Кесте 1. Сауалнама мәтіні және жауаптар нұсқалары

№	Сұрақ мәтіні	
1	Еліміздің мәдени мұрасына деген көзқарасыңыз қандай?	Респонденттің өз жауабы
2	Сіздің ойыңызша еліміздің қай өңірінде мәдени мұра насихатталып көбірек салт-дәстүріміз сақталған?	Респонденттің өз жауабы
3	Саяхат кезінде қандай мәдени мұрамен танысып, қандай салт-дәстүрлеріміз сізді ерекше таң қалдырды? (резидент емес туристерден алынды)	Респонденттің өз жауабы
4	Елімізде саяхат барысында қай өңірде ұлттық тағамдарымыздың түрлері көбірек кездесті?	Респонденттің өз жауабы
5	Қазақтың қай ұлттық тағамы сізге ерекше ұнайды?	Респонденттің өз жауабы
6	Материалдық емес мәдени мұраны сақтау қаншалықты маңызды деп ойлайсыз?	Респонденттің өз жауабы
7	Саяхат кезінде әсіресе музыка, би, салт-дәстүр және өнерге қатысты қандай атмосфера мен эмоциялар есіңізде қалды?	Респонденттің өз жауабы
8	Сіздің ойыңызша, туристерге жағымды әсер қалдыру үшін, турист болып қайта келу үшін материалдық емес мәдени мұраны туризм индустриясына енгізудің қандай жолдары бар?	Респонденттің өз жауабы
Ескертпе: авторлармен құрастырылған		

Кесте 2. Респонденттердің саны, адам

Сұрақтар	Респонденттер саны					
	Астана		Алматы		Түркістан	
	Резидент тұлғалар	Резидент емес тұлғалар	Резидент тұлғалар	Резидент емес тұлғалар	Резидент тұлғалар	Резидент емес тұлғалар
	34	18	36	22	25	14
Ескертпе: авторлармен құрастырылған						

Жоғарыдағы кестелерде көрсетілгендей, сауалнама мәтіні 8 сұрақты қамтыды. Зерттеудің негізгі мақсаты қала тұрғындары мен туристерінің елдің тұтастай мәдениетін құрайтын ұлттық тағамдары, салт-дәстүрі, дәстүрлі әні және биі, ойындары және т.б. ерекшеліктері туралы пікірін және сол мотив арқылы туристік саяхат жасауының ықтималдығын зерделеу болды. Сауалнама Астана қаласында Хан Шатыр сауда ойын-сауық орталығында, «ЭКСПО» мұражайында қаланың жергілікті тұрғындарынан және сыртқы аймақтардан келген туристерден алынды. Сондай-ақ, Алматы қаласында Шымбұлақ тау-шаңғы базасында, ал Түркістан қаласында Этноауыл және мәдени-тарихи орталық маңайында тікелей сұрақ-жауап әдісінің көмегімен жүргізілді. Астана қаласы бойынша сауалнамаға қатысқан респонденттердің саны 52-ні құраса, оның ішінде 18-і шет елдерден келген туристер, ал Алматы қаласы бойынша жалпы саны 58 болса, оның 22-сі резидент емес тұлғалар болды. Тиісінше, Түркі әлемінің туристік астанасы атанған Түркістан қаласында сауалнамаға қатысқан 39 адамның 14-і шетелдік туристер. Респонденттердің көпшілігі мұндай игіліктердің туризмге әсерін оң бағалады. Бұл көрсеткіштен түйетін негізгі қорытынды біздің еліміздің ішкі туристері және шетелдік туристер үшін біздің ұлттық мәдениетіміздің тартымдылығының жоғарылығы және сол арқылы туризмді еліміздің экономикасының тұрақты рентабельді саласы ретінде қалыптастыру мүмкіндігі. Төмендегі кестеде, алынған сауалнама бойынша респонденттердің арасында ең көп кездескен жауаптары көрсетілген (Кесте 3).

Кесте 3. Сауалнама бойынша ең жиі берілген жауаптар

Сұрақ №	Жауаптар
1	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан жалпы мәдени мұраларға өте бай ел. Осы ресурстарымызды туризмді жоғары деңгейде дамытуға дұрыс пайдалансақ болар еді. 2. Көзқарасым жақсы, бірақ ұлттық нақыштарымыз дұрыс паш етілмей келе жатыр деп ойлаймын. 3. Мәдениетіміз өте бай халықпыз, бірақ сол мәдениетті көрсете алатындай дұрыс маркетинг жоқ. 4. Мәдени мұраларды сақтау және ілгерілету үшін жарнама дұрыс жүргізілмейді. 5. Мен жергілікті тұрғын болмағандықтан білмейді екенмін, бірақ Қазақстан мәдениетке өте бай ел деп білемін.

2	<ol style="list-style-type: none"> 1. Салт-дәстүр көбінесе оңтүстік аймағымызда сақталған деп ойлаймын. 2. Оңтүстік көбірек ұстанады. 3. Қызылорда, Шымкент, Түркістан аймағында. 4. Ақтау, Атырау, Қызылорда, Шымкент өңірлерінде. 5. Нақты білмеймін.
3	<ol style="list-style-type: none"> 1. Маған қазақ халқының ұлттық тағамдары ұнады, наурыз көже, бидай көже, ет тағамдарының дәмі тіл үйіреді. 2. Наурыз айында жайылатын дастарқанда көптеген тағам түрлерінен ауыз тидім. Мысалы, наурыз көже, тары көже, бауырсақ, жент. Маған ең әуелі ұлттық тағамдарыңыз ұнады. 3. Ұлттық киімдеріңіз ерекше екен, қыз балалардың көйлектері, содан соң домбыра аспабының үні керемет. 4. Наурыз мерекесінде ойнайтын қыз қуу, көкпар, теңге ілу ойындары таңғалдырды.
4	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ұлттық тағамдардан Астана, Ақтау және Түркістан қалаларындағы этноауылдарда ауыз тидім. 2. Ұлттық тағам ресторандарына барғанда, әсіресе Түркістан, Шымкент, Алматы қалаларында кездестірдім. 3. Түркістан қаласына көп саяхаттап келемін, басқа қалалардан ұлттық мәдениетті білдіретін құндылықтарды көп кездестірмеймін.
5	<ol style="list-style-type: none"> 1. Әсіп, қазы, бесбармақ. 2. Құрт, бауырсақ, жент, қазы, бесбармақ. 3. Құрт, қымыз, шұбат сусындары. 4. Бесбармақ, қуырдақ, сорпа. 5. Қуырдақ, бесбармақ.
6	<ol style="list-style-type: none"> 1. Материалдық емес мәдени мұра еш уақытта сарқылмайды, осылайша ол туризмді ең мықты дамыту құралы бола алады. 2. Мәдениетіне назар аудармайтын ұлт басқа елдерге өзін паш ете алмайды. 3. Материалдық емес мәдени мұраны сақтамасақ, тұтастай мәдениет жойылады. Ал мәдениет жоқ жерде мемлекет және туризм жоқ. Сол үшін де маңызды. 4. Материалдық емес мәдени мұраны сақтасақ, келер ұрпаққа ол аманат ретінде қалады. Ал болашақ келер ұрпақтың, жастардың қолында. Олар мүмкін туризмді барынша жоғары деңгейде дамытады.
7	<ol style="list-style-type: none"> 1. Саяхат барысында ұлттық тағамдар ұсынатын дәмханалардағы эмоция ерекше есте қалды. Қазақ халқының асханасы бай әрі қызықты екен. 2. Қаланың сәулетті ғимараттары ұнады. 3. Ұлттық ойындар ұнады, ойындар тартысты әрі қызық өтетін сияқты. 4. Жәрменкелерде ұсынылатын тағамдардың дәмі тіл үйіреді екен. Сонысымен есте қалды.
8	<ol style="list-style-type: none"> 1. Тағамдар арқылы бренд жасауымыз қажет. Мысалы, қымыз және құрт, т.б. 2. Мәдени іс-шаралар мен фестивальдерді көбірек ұйымдастыру қажет. Сондай іс-шараларға бір мезетте көп турист жинала алады. 3. Ұлттық ойындардан турнирлерді Қазақстанның барлық аймақтарында өткізу керек. 4. Ұлттық тағамдарды ұсынатын мейрамханалар әрбір қалада және шағын қалада болуы керек. Бұл туристердің есінде қалатын саяхат болады. 5. Туристерді қызықтыратын нәрсе негізінен – сол елдің тағамдары мен билері. Осы құндылықтарды біріктіретін шаралар көп ұйымдастырылуы тиіс. 6. Мәдениетімізді паш етуге жарнаманы дұрыс жасай білу керек және оны туристік нарықты жылжытуда қолдану маңызды.
Ескертпе: авторлармен құрастырылған	

Жоғарыдағы кестеде көріп отырғанымыздай, респонденттердің жауаптарына сүйене отырып бірнеше түйіндерді шығаруға болады:

- Еліміз материалдық емес мәдени мұраға өте бай болып келеді;
- Ұлттық колоритті паш ететін мәдени құндылықтарымыз өте көп, дегенмен маркетинг жұмыстарының аз болуы себепті олардың көбісі танымалдылыққа ие бола алмай келеді;
- Ұлттық тағамдарымыз туристер тарапынан өте үлкен қызығушылыққа және сұранысқа ие;
- Туристік брендімізді қалыптастыруда ұлттық тағамдар мен ойындарға баса мән берілуі қажет;
- Ұлттық тағамдарымыз бен ойындарды тек қана шектеулі аймақтарда ғана емес, Қазақстанның барлық аймақтарында дамыту қажет;
- Ұлттық тағамдарымызды тек ауқымды мәдени және дәстүрлі іс-шаралар мен мерекелерде ғана емес, күнделікті өмірде ұлттық нақыштағы мейрамханалар қызметі санын көбейту арқылы дамытуымыз керек.

Материалдық емес мәдени мұра арқылы еліміздегі туризмді дамытудың өзге де артықшылықтары мен кемшіліктерін және басым мән беруіміз қажет болып табылатын қағидалар төмендегі кестеде көрсетілген (Кесте 4).

Кесте 4. Қазақстандағы материалдық емес мәдени мұра арқылы туризмді дамыту деңгейіне SWOT талдау

Артықшылықтар	Кемшіліктер
1. Бай ұлттық материалдық емес мәдени мұраның болуы. Атап айтқанда, ұлттық тағамдар, мерекелер, салт-дәстүрлер, қолөнер. 2. Тиімді географиялық орналасу. Еуразия материгінің жүрегінде орналасуы елге өзіндік мәдениетін терең паш етуге, туристердің өтімділік деңгейінің жоғары болуына көмектеседі.	1. Маркетинг жұмыстарының дұрыс үйлестірілмеуі. 2. Мәдени имиджді қалыптастыратын іс-шаралардың аз ұйымдастырылуы. 3. Іс-шараларды ұйымдастырғанда Қазақстанның тек шектеулі аймақтарын ғана ескеру.
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер
1. Ұлттық материалдық емес мәдени мұраны насихаттап, белсенді маркетинг жұмыстарын жасау нәтижесінде жергілікті халықтың және туристердің білімі кеңейіп, мәдениетке қызығушылығының пайда болуы. 2. Материалдық емес мәдени мұраны дамыту арқылы туристердің көптеп келуі жағдайында инфрақұрылымды жақсарту мүмкіндігі. 3. Ұлттық тағамдарды жаңа заманауи технологияларды пайдаланып жасалу жолдарын ұсыну.	1. Материалдық емес мәдени мұраның дұрыс игерілмеуі салдарынан туризмді дамытудағы қиындықтардың туындауы. 2. Келер ұрпаққа материалдық емес мәдени мұраны жойылып кету қаупінен мысалы, ұлттық тағамдардың жасалу жолдарын оның байырғы құрамының өзгертпей сақтау. 3. Басқа елдердің ұлттық деңгейде материалдық емес мәдени мұрасын дамытуға, алға ілгерілету жұмыстарын қарқынды жүргізуге баса мән беру жағдайында бәсекелестіктің тым жоғары болуы.
Ескертпе: авторлармен құрастырылған	

Жүргізілген зерттеулерге байланысты, Қазақстанда материалдық емес игіліктерімізді, ұлттық мәдениетімізді паш ете отырып, тұрақты туризмді қалыптастыру бойынша бірнеше жаңашыл идеялар мен мүмкіндіктерді қарастыруға болады. Олар:

1) Гастро-турлар мен фестивальдерді ұйымдастыру. Аталмыш фестивальдерде қазақ халқының ұлттық колоритін білдіретін дәстүрлі тағамдар ұсынылып, дәм тату және сол тағамдар арқылы біздің елімізді тани алу мүмкіндігі болуы тиіс. Мәселен, ұлттық нақыштағы декорациямен, ұлттық әуендермен, ұлттық тағамдармен және даяшылардың ұлттық киімдегі стилімен ерекшеленетін мейрамханалар санын көбейту. Ұлттық тағамдар жәрмеңкелерін ұйымдастыра отырып, аталмыш жәрмеңкелерде танымал дәстүрлі тағамдарымызды паш ету (қымыз, шұбат, құрт, бесбармақ, қуырдақ, нарын, жент). Сондай-ақ, материалдық емес мәдени мұраға арналған мәдени фестивальдар мен іс-шараларды ұйымдастыру қажеттілігі туындайды. Бұл қазақ халқының халық билері фестивалі, ұлттық қолөнер бойынша шеберлік сабақтары болуы мүмкін. Мұндай іс-шаралар басқа мәдениеттерді тануға қызығушылық танытатын туристерді тартады.

3) Материалдық емес мәдени мұраны, ұлт ретіндегі ерекшеліктерімізді көрсететін кәдесый бұйымдарын жасау. Мысалы, ұлттық тоқу әдістерін пайдаланып зергерлік бұйымдарды немесе дәстүрлі рәміздер түріндегі брошюраларды жасауға болады. Мұндай кәдесыйлар мәдени дәстүрлерді сақтауға және насихаттауға, сондай-ақ, туристерді тартуға көмектеседі.

4) Тақырыптық экскурсияларды көбірек ұйымдастыру. Мысалы, фольклорлық аңыздардың тарихына байланысты орындарға экскурсиялар немесе көне киелі орындарды аралау. Бұл туристерге аймақтың мәдениеті мен тарихына енуге көмектеседі.

5) Ұлттық қолөнерді дамытуға ықпал ету. Қазақ халқының қолөнерін зерттеп, тиісті білім алатын қолөнер орталықтары мен мектептер құру. Бұл дәстүрлерді сақтауға және туризм саласын тұрақты дамытып қана қоймай, жергілікті тұрғындар үшін жаңа жұмыс орындарын ашуға көмектеседі.

6) Әлеуметтік желілер мен медиа платформалар арқылы материалдық емес мәдени мұраны насихаттау. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен өнерін зерттеуге арналған виртуалды экскурсиялар мен бейнесабақтарды құру. Туристер саяхатқа шықпас бұрын біздің мәдениетімізбен және мұралармен таныса алады.

7) Тұрақты туризм және мәдени мұра бойынша тәжірибе алмасу үшін басқа елдермен серіктестік орнату. Екі елдің туристері қатыса алатын бірлескен жобалар мен іс-шараларды ұйымдастыру. Бұл достықты нығайтуға және кеңірек мәдени алмасуға ықпал етеді. Бұл ретте халықаралық бірлескен көрмелерді, семинарларды, конференцияларды ұйымдастыруға болады.

8) Материалдық емес мұраға қатысты жергілікті жобалар мен кәсіпкерлікті қолдау шараларын мемлекет деңгейінде ұйымдастыру. Мысалы, ұлттық тағамдарды әзірлеп сатушы кәсіпкерлерді, ұлттық ойындарды ұйымдастырушы тұлғалардың қызметін қолдау. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне субсидиялар мен қайтарымсыз берілетін гранттар санын арттыру.

Қорытынды

Мақалада зерттелгендей, материалдық емес мәдени мұра бүгінгі таңда туризм саласын тұрақты түрде дамытуда маңызды рөл атқарады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, материалдық емес игіліктер, тұтастай алғанда елдің мәдениетін көрсететін барлық құндылықтар – ұлттық тағамдар, ән, би, дәстүр, ұлттық ойындар, тіл мен әдебиет туризмді дамытуда назарға алынса, ел экономикасының ілгерілеуіне біршама деңгейде әсерін тигізе алады. Қазақстанда тек санаулы аймақтарда ғана материалдық емес мәдени мұраны сақтау мен дамыту мақсатында этно-фестивальдер мен іс-шаралар өткізілетіні белгілі болды. Сондай-ақ, туризм саласы неғұрлым дамыған ірі қалалар тұрғындары мен туристерінен алынған сауалнама нәтижесі осы тұжырымдаманы дәлелдей түсті. Зерттеулер көрсеткендей, елімізде материалдық емес мәдени мұраны сақтауда және оны тұрақты туризмді қалыптастыру мақсатында дамытуда ұлттық тағамдар брендин танытудың жаңа жолдарын қарастыру қажеттілігі айғақталды. Ол үшін дәстүрлі гастрономиялық фестивальдерді тек мерекелерде және атаулы күндерде ғана емес, тұрақты түрде Қазақстанның барлық аймақтарында ұйымдастырып отыру маңызды. Материалдық емес мәдени мұра туристер үшін ерекше атмосфера мен бірегей тәжірибені қалыптастыратын білімді, дәстүрлерді, әдет-ғұрыптар мен дағдыларды беретін тұрақты құндылықтар. Материалдық емес мәдени мұраны сақтау және ілгерілету арқылы туристер баратын өлкенің шынайы мәдениетімен, тарихымен танысуға, жергілікті тұрғындармен араласуға және олардың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналуға мүмкіндік алады. Бұл толеранттылықты дамытуға, мәдениетаралық түсіністік пен айырмашылықтарды құрметтеуге баулиды. Материалдық емес мәдени мұраның тағы бір маңызды рөлі - жергілікті қауымдастықтарды қолдау және олардың дәстүрлі қызметі мен қолөнерін сақтау. Материалдық емес мәдени мұраға негізделген туризм қолөнерді, жергілікті базарларды, мерекелер мен салт-дәстүрлерді сақтауға, аймақтың экономикалық дамуы мен өмір сүру жағдайын жақсартуға жаңа мүмкіндіктер тудыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. International Conference on Sustainable Tourism, Pilgrimage and Sacred Heritage "The People Protecting Monuments" [Электронды қор] – 2022. - URL: <https://unesco-iicas.org/ru/press-office/News/International+Conference+on+Sustainable+Tourism%2C+Pilgrimage+and+Sacred+Heritage+%22The+People+Protecting+Monuments%22> (кіру күні 18.04.2023).
2. Santa E.D., Tiatco A. Tourism, heritage and cultural performance: Developing a modality of heritage tourism //Tourism Management Perspectives. – 2019. – Vol. 31. – P. 301-309
3. McKercher B., Du Cros H. Cultural tourism: The partnership between tourism and cultural heritage management / B. McKercher, H. Du Cross. New York: Routledge, 2002. - 58 p.
4. Domínguez-Quintero A. M., González-Rodríguez M. R., Paddison B. The mediating role of experience quality on authenticity and satisfaction in the context of cultural-heritage tourism // Current Issues in Tourism. – 2020. – Vol. 23. – Is. 2. – P. 248-260

5. Škrabić Perić B. et al. The role of unesco cultural heritage and cultural sector in tourism development: The case of EU countries //Sustainability. – 2021. – Vol. 13. – Is. 10. – p. 5473
6. Kim S., Whitford M., Arcodia C. Development of intangible cultural heritage as a sustainable tourism resource: The intangible cultural heritage practitioners' perspectives //Authenticity and Authentication of Heritage. – Routledge, 2021. – P. 34-47
7. Eichler J. Intangible cultural heritage, inequalities and participation: who decides on heritage? //The International Journal of Human Rights. – 2021. – Vol. 25. – Is. 5. – P. 793-814
8. Ruhanen L., Whitford M. Cultural heritage and Indigenous tourism // Indigenous Heritage. – Routledge, 2021. – P. 1-13
9. Qiu Q. et al. Visiting intangible cultural heritage tourism sites: From value cognition to attitude and intention //Sustainability. – 2019. – Vol. 12. – Is. 1. – p. 132
10. Esfehani M. H., Albrecht J. N. Planning for intangible cultural heritage in tourism: Challenges and implications //Journal of Hospitality & Tourism Research. – 2019. – Vol. 43. – Is. 7. – P. 980-1001
11. Qiu Q., Zhang M. Using content analysis to probe the cognitive image of intangible cultural heritage tourism: an exploration of Chinese social media //ISPRS International Journal of Geo-Information. – 2021. – Vol. 10. – Is. 4. – p. 240
12. Olalere F. E. Intangible cultural heritage as tourism product: The Malaysia experience // African Journal of Hospitality, Tourism and Leisure. – 2019. – Vol. 8. – Is. 3. – P. 1-10
13. Su J. Managing intangible cultural heritage in the context of tourism: Chinese officials' perspectives //Journal of Tourism and Cultural Change. – 2020. – Vol. 18. – Is. 2. – P. 164-186
14. Su X. et al. Awe of intangible cultural heritage: the perspective of ICH tourists // Sage Open. – 2020. – Vol. 10. – Is. 3. – p. 215
15. Основные объекты культурного наследия [Электронды қор]. – URL: <https://present5.com/tema-1-2-osnovnye-obekty-kulturnogo-naslediya/> (кіру күні 18.08.2023)
16. Фестиваль «Киіз fest» [Электронды қор]. – URL: <https://jambyltv.kz/ru/news/26237> (кіру күні 23.09.2023)
17. Түркістанда Наурыз мейрамында «GASTRO FEST TURKISTAN - 2023» фестивалі өтті [Электронды қор]. – URL: <https://turkistan.today/turkistanda-nauriz-meyraminda-gastro-fest-turkistan-2023-festivali-otti> (кіру күні 27.08.2023)
18. Жаңарқалықтар мың күбіге 10 мың литр қымыз пісіріп, рекорд жасады [Электронды қор]. – URL: <https://www.ktk.kz/kz/newsfeed/article/2019/09/15/129789/> (кіру күні 28.08.2023)
19. 5 ежегодных фестивалей, из-за которых стоит приехать в Казахстан [Электронды қор]. – URL: <https://kazakhstan.travel/ru/publications/55/5-annual-festivals-that-make-kazakhstan-worth-visiting> (кіру күні 17.09.2023)
20. «Шығыс салбұрыны – 2023»: испытание на зоркость, или новый бренд Восточного Казахстана [Электронды қор]. – URL: <https://www.zakon.kz/obshestvo/6416161-shyuys-salbryny-2023-ispytanie-na-zorkost-ili-novyuy-brend-vostochnogo-kazakhstana.html> (кіру күні 20.09.2023)

Б.Ж. Шарапаева¹, Н. Нурмаганбетқызы², А.Б. Баймбетова¹

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан

Влияние нематериального культурного наследия на формирование устойчивого туризма

Аннотация. Данная статья посвящена исследованию роли нематериального культурного наследия в процессе формирования устойчивого туризма. В статье анализируются различные аспекты взаимосвязи нематериального культурного наследия и развития туризма, а также рассматривается его влияние на практику устойчивого туризма и окружающую среду. Нематериальное культурное наследие отражает культурную аутентичность сообщества и включает устные традиции, исполнительское искусство, фестивали или традиционные мероприятия, а также навыки, передаваемые из поколения в поколение. Разнообразное культурное сообщество со своей уникальной и аутентичной нематериальной культурой является не только неотъемлемым элементом души сообщества, но и потенциальным наследием, важным ресурсом для развития туризма на национальном и местном уровнях.

Также приведены результаты эмпирических исследований, проведенных в более развитых в сфере туризма регионах. Анализ проведенного исследования позволил определить роль нематериального культурного наследия в привлечении туристов, их удовлетворении и повышении уровня потребления турпродукта. Также изучена важность мер по сохранению и популяризации нематериального культурного наследия для целей устойчивого развития туристической отрасли. В заключительной части статьи высказано мнение о важности учета нематериального культурного наследия при разработке стратегии развития туризма. Была изучена важность укрепления сотрудничества между правительственными и неправительственными организациями и местным населением для защиты и продвижения нематериального культурного наследия в целях создания устойчивого и уникального туристического продукта.

Ключевые слова: туризм, нематериальное культурное наследие, туристическая дестинация, устойчивый туризм, певческое искусство, традиции, национальная кухня, ремесло.

B.Zh. Sharapaeva¹, N. Nurmaganbetkyzy², A.B. Baimbetova¹

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan

The impact of intangible cultural heritage on the formation of sustainable tourism

Abstract. This article is devoted to the study of the role of intangible cultural heritage in the process of formation of sustainable tourism. The article analyzes various aspects of the relationship between intangible cultural heritage and tourism development, and also examines its impact on

sustainable tourism practices and the environment. Intangible cultural heritage reflects the cultural authenticity of a community and includes oral traditions, performing arts, festivals or traditional events, and skills passed down from generation to generation. A diverse cultural community with its unique and authentic intangible culture is not only an integral element of the soul of the community, but also a potential heritage, an important resource for tourism development at the national and local levels.

The results of empirical studies conducted in regions more developed in the tourism sector are also presented. The analysis of the study made it possible to determine the role of intangible cultural heritage in attracting tourists, their satisfaction and increasing the level of consumption of tourism products. The importance of measures to preserve and popularize intangible cultural heritage for the purposes of sustainable development of the tourism industry has also been studied. The final part of the article expresses an opinion on the importance of taking into account intangible cultural heritage when developing a tourism development strategy. The importance of strengthening cooperation between governmental and non-governmental organizations and local communities to protect and promote intangible cultural heritage was explored in order to create a sustainable and unique tourism product.

Key words: tourism, intangible cultural heritage, tourist destination, sustainable tourism, singing art, traditions, national cuisine, craft.

References

1. International Conference on Sustainable Tourism, Pilgrimage and Sacred Heritage "The People Protecting Monuments" 2022. Available at: <https://unesco-icas.org/ru/press-office/News/International+Conference+on+Sustainable+Tourism%2C+Pilgrimage+and+Sacred+Heritage+%22The+People+Protecting+Monuments%22> (Accessed 18.04.2023).
2. Santa E. D., Tiatco A. Tourism, heritage and cultural performance: Developing a modality of heritage tourism. *Tourism Management Perspectives*. 31. 301-309(2019).
3. McKercher B., Du Cros H. *Cultural tourism: The partnership between tourism and cultural heritage management* (New York: Routledge, 2002, 58 p.)
4. Domínguez-Quintero A. M., González-Rodríguez M. R., Paddison B. The mediating role of experience quality on authenticity and satisfaction in the context of cultural-heritage tourism. *Current Issues in Tourism*. 23(2). 248-260(2020).
5. Škrabić Perić B. et al. The role of unesco cultural heritage and cultural sector in tourism development: The case of EU countries. *Sustainability*. 13(10). 5473(2021).
6. Kim S., Whitford M., Arcodia C. *Development of intangible cultural heritage as a sustainable tourism resource: The intangible cultural heritage practitioners' perspectives. Authenticity and Authentication of Heritage*. – Routledge. 34-47(2021).
7. Eichler J. Intangible cultural heritage, inequalities and participation: who decides on heritage? *The International Journal of Human Rights*. 25(5). 793-814(2021).
8. Ruhanen L., Whitford M. *Cultural heritage and Indigenous tourism. Indigenous Heritage*. – Routledge. 1-13(2021).
9. Qiu Q. et al. Visiting intangible cultural heritage tourism sites: From value cognition to attitude and intention. *Sustainability*. 12(1). 132(2019).

10. Esfehani M. H., Albrecht J. N. Planning for intangible cultural heritage in tourism: Challenges and implications. *Journal of Hospitality & Tourism Research*. 43 (7). 980-1001(2019).
11. Qiu Q., Zhang M. Using content analysis to probe the cognitive image of intangible cultural heritage tourism: an exploration of Chinese social media. *ISPRS International Journal of Geo-Information*. 10(4).240(2021).
12. Olalere F. E. Intangible cultural heritage as tourism product: The Malaysia experience // *African Journal of Hospitality, Tourism and Leisure*. 8(3). 1-10(2019).
13. Su J. Managing intangible cultural heritage in the context of tourism: Chinese officials' perspectives. *Journal of Tourism and Cultural Change*. 18(2).164-186(2020).
14. Su X. et al. Awe of intangible cultural heritage: the perspective of ICH tourists. *Sage Open*. 10(3). 215(2020).
15. Osnovnye obekty kul'turnogo nasledija [The main objects of cultural heritage]. Available at: <https://present5.com/tema-1-2-osnovnye-obekty-kulturnogo-naslediya/> [in Russian] (accessed 18.08.2023).
16. Festival' «Kiiz fest» [Festival Kiiz Fest]. Available at: <https://jambyltv.kz/ru/news/26237> (accessed 23.09.2023).
17. Tyrkistanda Nauryz mejramynda «GASTRO FEST TURKISTAN - 2023» festivali otti [In Turkestan, on the Nauryz holiday, the festival "GASTRO FEST TURKISTAN - 2023" was held]. Available at: <https://turkistan.today/turkistanda-nauriz-meyraminda-gastro-fest-turkistan-2023-festivali-otti> [in Kazakh] (accessed 27.08.2023).
18. Zhanarkalyktar myn kybigе 10 myn litr kymyz pisirip, rekord zhasady [Zhanarka district set a record by preparing 10,000 liters of kumyz for 1,000 cups]. Available at: <https://www.ktk.kz/kz/newsfeed/article/2019/09/15/129789/> (accessed 28.08.2023).
19. 5 ezhegodnyh festivalej, iz-za kotoryh stoit priehat' v Kazahstan [5 annual festivals that make it worth coming to Kazakhstan]. Available at: <https://kazakhstan.travel/ru/publications/55/5-annual-festivals-that-make-kazakhstan-worth-visiting> (accessed 17.09.2023).
20. «Shygys salburyny – 2023»: ispytanie na zorkost', ili novyj brend Vostochnogo Kazahstana [«Shygys salburyny – 2023»: test of vigilance, or a new brand of Eastern Kazakhstan]. – Available at: <https://www.zakon.kz/obshestvo/6416161-shyys-salburyny--2023-ispytanie-na-zorkost-ili-novyy-brend-vostochnogo-kazahstana.html> (accessed 20.09.2023).

Авторлар туралы мәліметтер:

Шарпаева Б. Ж. – негізгі автор, докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көшесі, 2, Астана, Қазақстан. <https://orcid.org/0009-0009-6719-320X>

Нұрмағанбетқызы Н. – «Туризм» мектебінің магистр-оқытушысы, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Рәбиға Сұлтан Бегім к., 14 Б, Түркістан, Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0002-0574-3562>

Баймбетова А.Б. – э.ғ.к., профессор м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көшесі, 2, Астана, Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0001-7695-5303>

Sharapaeva B. Zh. – The main author, doctoral student, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Satbayev str., 2, Astana, Kazakhstan. <https://orcid.org/0009-0009-6719-320X>

Nurmaganbetkyzy N. – Master's teacher of the School of Tourism, International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan. <https://orcid.org/0000-0002-0574-3562>

Baimbetova A.B. – Acting Professor, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Satbayev str., 2, Astana, Kazakhstan. <https://orcid.org/0000-0001-7695-5303>



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).